

РЕЦЕНЗИЯ:

**МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР,
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ОНКОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ОНКОЛОГИЯ БОЙЫНША БАС КЕҢЕСШІСІ
Т.А. АДЫЛХАНОВ**

«Сүт безі обырын емдеу мен қалпына келтірудің кешенді тәсілдері» атты оқу-әдістемелік құралы қазіргі онкологиядағы ең өзекті әрі жиі кездесетін патологиялардың бірі — сүт безі обырына арналған кешенді, мазмұны терең ғылыми-әдістемелік еңбек болып табылады.

Оқу құралының мазмұны нақты құрылымдалып, оқырманға жеңіл әрі түсінікті тілде берілген. Онда сүт безінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері, эпидемиологиясы, этиопатогенезі, аурудың даму заңдылықтары, клиникалық көріністері, диагностика әдістері, морфологиясы мен молекулалық-биологиялық ерекшеліктері, сондай-ақ емдеудің заманауи тәсілдері (хирургиялық, сәулелік, химио- және гормонотерапия) кеңінен сипатталған.

Авторлар онкология саласындағы заманауи ғылыми жетістіктерді, халықаралық клиникалық нұсқаулықтар мен өз тәжірибелерін ескере отырып, материалды кәсіби және дәлелді түрде ұсынған. Әсіресе молекулалық маркерлер мен иммуногистохимиялық зерттеулерге арналған бөлімдер, сондай-ақ радиологиялық және аспаптық диагностика тәсілдерінің ерекшеліктері терең сараланып, нақты мысалдармен бекітілген.

Бұл оқу құралының тағы бір ерекшелігі – сүт безінің обыр алды жағдайларын, қатерсіз ісіктер мен фондық ауруларды саралап қарастыруы. Бұл онкологиялық қырағылықты қалыптастыруда, аурудың ерте кезеңде анықталуына ықпал ету үшін, жас мамандарға өте маңызды.

Қорытындылай келе, аталған оқу-әдістемелік құрал жоғары медициналық білім беру ұйымдарының студенттері, резиденттер, дәрігер-интерндер мен тәжірибелі дәрігерлер үшін пайдалы әрі құнды ақпарат көзі бола алады. Онда келтірілген мәліметтер клиникалық тәжірибеде қолдануға, онкология саласында тәжірибелік машық қалыптастыруға бағытталған.

Ұсынылып отырған оқу құралы бекітіліп, оқу үдерісінде қолдануға және баспаға шығаруға толығымен лайық.

**Медицина ғылымдарының докторы,
Профессор**



Т.А. Адылханов